

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі , орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 503 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 қыркүйекте № 17453 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 107) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесін бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Бюджеттік жоспарлау департаменті (С.А. Жақыпова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйректың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бүйрек алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 503 бүйрекінан
қосымша

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары типтерінің және түрлерінің тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 15.08.2023 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

№	Білім беру үйымы типінің атауы	Білім беру үйымы түрлерінің атауы
1.	Мектепке дейінгі үйымдар	<ul style="list-style-type: none">1. Бебекжай-бақша2. Балабақша3. Отбасылық бебекжай-бақша4. Санаторлық бебекжай-бақша5. "Мектеп-бебекжай-бақша" кешені6. Мектепке дейінгі шағын орталық
2.	Шағын жинақты мектептерден, ауылдық жерде орналасқан орта білім беру үйымдарынан, түзету мекемелері жанындағы, денсаулық сақтау үйымдары жанындағы, мәдениет және дене шынықтыру-спорт үйымдары жанындағы орта білім беру үйимдарынан, республикалық орта білім беру үйимдарынан басқа орта білім беру үйимдары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта)	<ul style="list-style-type: none">1. Бастауыш мектеп2. Негізгі орта мектеп3. Жалпы білім беретін мектеп4. Гимназия5. Лицей6. Бейінді мектеп7. Мектеп-гимназия8. Мектеп-лицей9. Қосымша білім беретін мектеп-орталық10. Оқу-тәрбие орталығы (кешен)
	Медициналық, әскери, арнайы оқу орындарынан, мәдениет және дене	<ul style="list-style-type: none">1. Колледж2. Кәсіптік даярлау оку орталығы

3.	шынықтыру-спорт саласындағы білім беру үйымдарынан басқа техникалық және кәсіптік білім беру үйымдары	3. Жоғары колледж
4.	Медициналық, әскери, арнайы оқу орындарынан, мәдениет және дене шынықтыру-спорт саласындағы білім беру үйымдарынан басқа орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары	Жоғары колледж

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК